

"Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 197 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 465 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 желтоқсанда № 25802 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 197 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20756 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің маманы "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – "Е-собес" ААЖ) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) өтінішіндегі деректерді енгізеді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация, портал арқылы жүгінген кезде өтініштегі деректер автоматты түрде "Е-собес" ААЖ-ға беріледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету туралы шешім шығарылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында құжаттарды ресімдеу туралы және авторизациялау және стационарлық, жартылай стационарлық, үлгідегі ұйымды таңдау қажеттігі туралы хабарлама жібереді (<http://aleumet.egov.kz>).";

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің маманы "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – "Е-собес" ААЖ) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) өтінішіндегі деректерді енгізеді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация, порталмен байланысқан кезде, өтінішіндегі деректер автоматты түрде "Е-собес" ААЖ-не беріледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті беруші арнаулы әлеуметтік қызметкердің әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі қорытындысын және тұрғын үй және материалдық-тұрмыстық жағдайларды тексеру актісін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну туралы шешім қабылдайды, арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету туралы шешім шығарылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бір жұмыс күні ішінде құжаттарды ресімдеу туралы және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында үйде қызмет көрсету ұйымын авторизациялау және таңдау қажеттігі туралы хабарлама жібереді (<http://aleumet.egov.kz>).";

1-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

С. Шапкенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі
2021 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 465 бұйрығына
1-қосымша

"Медициналық-әлеуметтік
мекемелерде (ұйымдарда)
арнаулы әлеуметтік қызмет
көрсетуге құжаттар ресімдеу"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Жергілікті атқарушы органның
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйымның
басшысына

(жергілікті атқарушы орган
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйым басшысының
тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Жеке басты куәландыратын құжат 20__ жылғы " __ " _____ № __ берілді

Тіркелген жері _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

Туған жері _____

Туған жылы " __ " _____ ЖЫЛ

Жәрдемақы түрі мен мөлшері _____

Мүгедектік санаты _____

Туыстарының (заңды өкілдерінің) болуы) _____

(туыстық қатынастар, жасы, әлеуметтік мәртебесі, тұратын мекенжайы,
байланыс телефоны)

ӨТІНІШ _____ (**көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)**

стационарлық үлгідегі ұйымда тәулік бойы тұрақты/уақытша (қажетінің асты сызылсын) тұру жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді сұраймын, өйткені стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мұқтажмын (мұқтаж).

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) _____ 2) _____

- 3) _____ 4) _____
5) _____ 6) _____
7) _____ 8) _____
9) _____ 10) _____

Стационарлық үлгідегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Стационарлық үлгідегі ұйымды қабылдау, онда ұстау, одан ауыстыру және шығару шарттарымен таныстым.

20__ жылғы " __ " _____

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Құжаттарды қабылдады _____

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2021 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 465 бұйрығына
2-қосымша

"Медициналық-әлеуметтік
мекемелерде (ұйымдарда)
арнаулы әлеуметтік қызмет
көрсетуге құжаттар ресімдеу"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйымның
басшысына

(жергілікті атқарушы орган
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйым басшысының
тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

ӨТІНІШ _____ (көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

" __ " _____ жылы туған,

_____ мекенжайы бойынша тұратын

жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға күндізгі болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді сұраймын, өйткені жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мұқтажмын (мұқтаж).

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____
- 8) _____
- 9) _____
- 10) _____

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға қабылдау, онда ұстау, одан ауыстыру шарттарымен таныстым.

20__ жылғы " __ " _____

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Құжаттарды қабылдады _____

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2021 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 465 бұйрығына
3-қосымша
"Үйде күтім көрсету
жағдайында арнаулы әлеуметтік
қызмет көрсетуге құжаттар
ресімдеу" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Жергілікті атқарушы
органның немесе
жергілікті атқарушы орган
уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйымның
басшысына

(жергілікті атқарушы орган
немесе жергілікті

атқарушы орган уәкілеттік
берген мемлекеттік
ұйым басшысының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

ӨТІНІШ

_____ (көрсетілетін қызметті алушының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) көрсету)

үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін есепке алуды сұраймын.

Туған жылы _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

Телефон номері (үй, ұялы) _____

Мүгедектік санаты (болған жағдайда) _____

Бірге тұратын отбасы мүшелері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туыстығын көрсету): _____

—

—
Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін

Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету тәртібі мен шарттарымен таныстым.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы _____

Күні 20__ жылғы "___" _____

Өтінішті қабылдады _____

(тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және лауазымын көрсету)

Қолы _____

Күні 20__ жылғы "___" _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК